

"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы"
аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 03 қарашадағы № 53 шешіміне өзгеріс енгізу
туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 305 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 14 мамырда № 4979 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2018 жылғы 12 қарашадағы № 237 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 12.11.2018 № 237 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" 1998 жылғы 24 наурыздағы, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазалы аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

"Тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" аудандық мәслихаттың 2012 жылғы 03 қарашадағы № 53 шешіміне (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 4351 нөмірімен тіркелген, аудандық "Тұран Қазалы" газетінің 2012 жылғы 12 желтоқсандағы № 108 жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен т ә р т і б і н д е :

2-тармақ мынадай жаңа редакцияда жазылсын:

"2. Тұрғын үй көмегін тағайындау "Қазалы ауданының жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - уәкілетті орган) арқылы жүзеге а с ы р ы л а д ы " .

Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
кезектен тыс XXXXIII сессиясының
төрағасы
Н. Альмагамбетов

Аудандық мәслихат
хатшысының міндетін
атқарушы
Ө. Түктібай

